



1886 жылы 1-мамырда АҚШ-та бүкіл ел бойынша ереуілдер мен демонстрациялар толқыны белең алды. Американдық жұмысшылардың ұйымдастырған ереуілі ең ірі өнеркәсіптік орталық – Чикагода кеңінен өрістеді. Жұмысшылар еңбек жағдайларын жақсартуды және жұмыс күнін 8 сағатқа дейін қысқартуды талап етті.

Чикагодағы жаппай ереуіл демонстранттар мен полицияның қақтығысымен және қантөгіспен аяқталды. 4-мамырда қалада жаппай наразылық митингісі жалғасып, арандатушылар алаңға жарылғыш зат тастады. Арандатушылардың жалған айғақтарының негізінде митинг ұйымдастырушылардың біразы өлім жазасына кесіліп, көпшілігі түрмелерге тоғытылды.

АҚШ-тағы мамыр айындағы оқиғалар бүкіл әлемдегі еңбекшілердің капиталистік жүйемен күресуі үшін барлығын біріктіруге ықпал етті. 1889 жылдың шілдесінде II Интернационалдың Париж конгресі жұмысшылардың Чикагода қаза болуын еске алып, 8 сағаттық жұмыс күні үшін күресте халықаралық пролетариатты біріктіру мақсатында жыл сайын 1 мамырда жұмысшылардың демонстрациясын өткізу туралы шешім қабылдады. Осыдан келіп, бірінші мамыр мерекесі белгіленді. Алғаш рет 1 мамыр мерекесі Халықаралық пролетариаттың революциялық күштерін қарау күні ретінде 1890 жылы бірқатар елдерде өткізілді. Осы уақыттан бастап ол жыл сайын атап өтіліп келеді.

1891 жылы осындай жиын Санкт-Петербургте болып өтті. 1897 жылдан бастап 1 мамырдағы ереуілдер Ресейде кең тарады және көп жағдайда саяси сипатқа ие болды. 1905 жылғы 1 мамыр қарулы көтеріліске дайындық ұранымен өтті. Ұлы Қазан революциясынан кейін пролетариат езгіден құтылып, үстем тапқа айналды. Тиісінше, 1 мамырда сипаты мен мазмұны өзгерді. Халықаралық ынтымақтастықтың жауынгерлік революциялық мерекесі кеңестің еңбексүйгіш халқының бейбіт, жасампаз еңбегінің мерекесі болды.

Бүгінде көктемнің осы бір жарқын мерекесі әлемнің 142 елінде атап өтіледі. Қазақстанда 1 Мамыр мемлекеттік мереке болып табылады және жыл сайын Қазақстан халқының бірлігі күні ретінде аталып өтеді. Мерекені қайта атау туралы шешім 1995 жылдың 15 қазанында қабылданды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі күні деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойған соң еңбек күнін мерекелеу 1996 жылдан бастап өткізіле бастады. Бұл күні көп ұлтты Қазақстан Республикасында барлық халықтарды біріктіру, ұлтаралық және дінаралық келісімді сақтау бойынша мерекелік көктемгі іс-шаралар өткізіледі.

Көпшілігі бұл мерекені өткенге құрмет, дәстүр ретінде қабылдайды. Алайда, бұл біздің еліміз үшін өте маңызды. Қазақстан-Мультимәдени және көп ұлтты мемлекет. Мұнда жүз елуден астам ұлт пен ұлыс өкілдері татулық пен бірлікте өмір сүріп келеді. Қазақстан осы жерде өмір сүріп, еңбек еткісі келетіндердің барлығын қабылдайды. Қазақ жерінде барша халық бейбіт өмір сүріп, өзара түсіністік пен құрметтің үлгісін паш етуде.

Бұл мейрамдағы өткізілетін барлық іс-шаралардың басты міндеті - халықтар бірлігін көрсету, түрлі ұлттық топтардың өкілдерін достастыру.

Бибіжамал АЙБЕК,
архивист.